

Су. Табиғаттағы су айналымы



Су – жер бетіндегі таңғажайып жаратылыс. Сусыз өмірімізді елестетудің өзі қорқынышты. Су - тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ететін ағза кездеспейді. Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді.

Су табиғаттағы ең көп тараған зат. Жер бетінің үштен екі бөлігін су қабаты алып жатыр. Қалған үштен бір бөлігі ғана құрлық.



Судың 3 күйі бар

1. сұйық

2. қатты

3. бу



Жер бетіндегі су тұщы және ащы болып бөлінеді. Ащы су - бұл теңіз, мұхит сулары, ал тұщы су-өзен,көл, жер асты сулары. Жердегі әрбір 100 литр судың 98 литрі тұзды су. 2 литрі тұщы су.




Күн сәулесі қызуынан мұхит, теңіз, көл, өзен суы буланып, ауа қабатына барады. Топырақтан, өсімдіктерден, жануарлардан буланған су буы ауа қабатына көтеріледі. Көзге көрінбейтін су буы ауаның салқын қабатына көтерілгенде қоюланып, бұлт түзеді.


Бұлт ауаның ағысымен, қозғалысқа түседі.



Ол жауын-шашынға айналып, құрлыққа қайтып оралады. Бірақ ұзақ тұрақтамай Күн қызғанда қайтадан буланып ауаға көтеріледі.

Жауын - шашынның бір бөлігі топыраққа сіңеді. Онда өсімдік қорегіне айналып, құрлықты жасыл жамылғысына орайды. Жайқалып шөптер, бұйраланып бұталар, бой түзеп ағаштар өседі





I-тапсырма
1-топ АДАМ

1. Шыны ыдысқа сүт, екінші ыдысқа су құйып салыстыр.


2. Екі стаканның біреуіне сүт, біреуіне су құйып олардың ішіне қасық салып, судың қандай екенін дәлелде.



2-топ. ӨСІМДІК

1. Бірнеше ыдыс қойып ,оларға су құйып судың пішінін дәлелде.

2. Суды кез келген жерге құй. Ол жан-жағына неге ағады?




3-топ ЖАНУАР

1. Тасты суға сал, қандай болып шығады?

2. Суды шыны бетіне тамызып, оның астын май шаммен қыздыр. Су неге айналды?





II-тапсырма
1-топ АДАМ
Су туралы мақал-мәтел
жазу.



2-топ ӨСІМДІК
Су туралы тиым сөздер
жазу



3-топ ЖАНУАР

Су туралы жұмбақ жаз



Шығармашылық жұмыс

1-топ АДАМ

Судың пайдасы туралы
әңгіме жазу



2-топ ӨСІМДІК
Судың зияны туралы
әңгіме жазу



3-топ ЖАНУАР
Суды қалай қорғауға
болатыны туралы әңгіме
жазу.





Ластануды тоқтату

Су ресурстарын пайдалану және оларды қорғаудағы заңды құжаттардың бірі - ол 2003 жылы қабылданған «Су кодексі». Оның мақсаты: Су қатынастарының ұйымдастырушылық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.



*Су жүргізер тіршіліктің тамырын
Су жоқ болса тіршілік тамам бауырым
Судың біздер біле тұра маңызын
Көп болған соң ұмытамыз қадірін*



**Үйге тапсырма
«Табиғаттағы су айналымы»
тақырыбын**

**оқу
«Су- тіршілік көзі» тақырыбында сурет
салу**

